



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Халықаралық валюта қоры Қазақстан Республикасына жасаған миссиясының нәтижелері туралы қорытынды мәлімдеме жариялады

2023 жыл, 21 қараша

Қарашаның 7-21 аралығында **Қазақстан Республикасы ХВҚ миссиясын [қабылдады](#)**. Сапар соңында елдің **бүгінгі қаржы-экономикалық дамуына шолу жасап**, негізгі қорытындылар мен ұсыныстардан тұратын **Қорытынды мәлімдеме** жариялады.

ХВҚ Миссиясының пікірінше, **Қазақстан соңғы жылдары орын алған бірқатар шокты елеулі резервтері мен уақытылы қабылдаған монетарлы саясат шаралары арқасында табысты еңсере білді**.

ХВҚ сарапшылары экономикалық белсенділік артып, **инфляцияның біртіндеп төмендегенін атап өтті** және жыл соңына қарай ол 10%-ға дейін төмендеуі мүмкін деген болжамға келді. ХВҚ 2022 жылдың соңынан бері жүргізіліп жатқан **зерделі ақша-кредит саясаты** мен оған тұспа-тұс келген әлемдік азық-түлік бағасының төмендеуі **баға қысымын едәуір жеңілдетті** деп санайды. Қысқамерзімді перспективадағы белгісіздік, жанар-жағармай мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің бағасы өсіп, инфляциялық күтулердің жоғары деңгейде сақталып келгенін ескере келе, **ХВҚ ақша-кредит саясатын іске асыруда байыптылық ұстанымын** сақтауды ұсынып, мерзімінен бұрын босаңсытудың тәуекелдер туғызатынын баса айтты.

ХВҚ Миссиясының өкілдері **Ұлттық Банктің тәуелсіздігін нығайту** ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыруға ықпал ететінін де атап өтті. ХВҚ Ұлттық Банк жүргізетін ақша-кредит саясатының **ашықтығын арттыруға**, оның ішінде қабылданған шешімдер туралы хабар беруге және инфляция болжамдарын тоқсан сайын жариялауға қатысты жұмысын жалғастыра алғанына оң баға берді. Сонымен қатар, ХВҚ пікірінше, **Ұлттық Банктің экономиканы қолдаушы мемлекеттік бағдарламаларға қатысудан бас тартуы да – ақша-кредит саясатына деген сенімділікті арттыратын болады**.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz